


А 2007

88004

Әдеби
төтуарлар

Өздерің білер Нартаймын



*Ақын Нартай Бекежанов
туралы естеліктер*



ӨЗДЕРІҢ БІЛЕР НАРТАЙМЫН

(Ақын туралы естеліктер)



Алматы "Білім" 2007

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Құрастырушы: ақынның ұлы Махмұт Нартаев

Ө 26 **Өздерін білер Нартаймын.** *(Ақын туралы естеліктер жинағы).* – Алматы: “Білім” баспасы, – 2007. – 288 бет +16 бет суреттер.

ISBN 9965-09-469-1

Қазақтың дарынды ұлдарының бірі, асқақ әнші, дүлдүл ақын, талантты композитор Нартай Бекежанов туралы бұл жинаққа мемлекет, өнер, ғылым қайраткерлерінің, танымал ақындар мен жазушылардың және ұлағатты ұрпақтарының, замандас-ауылдастарының естеліктері арқау болған. Олар Нартай бейнесін әр қырынан сомдап, мәлім әрі беймәлім жағдаяттардан сыр шертеді.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

О $\frac{4702250201}{412(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-09-469-1

© Нартаев М. (құраст.), 2007
© “Білім” баспасы, 2007

СЫР БОЙЫНЫҢ ӨНЕР САҢЛАҒЫ

Қай заманда да өнер иелері, ақындар, әншілер, жыршылар халықтың ең сыйлы, ең абзал, ең ардақты азаматтары болған. Олар ел басына күн туғанда күнгірт тартқан көңілге шуақ орнатып, жылағанын жұбатқан, егілгенді қуантқан. Сондықтан да халық мұндай әншілер мен жыршыларды, ақындар мен жазушыларды жанындай жақсы көріп, керемет құрметтеген. Айтыста жеңіп шыққан, ән салса озып шыққан шашасына шаң жұқпаған жүйрік, Сыр бойының топ жарған саңлағы Нартай Бекежановты да туған халқы дәл осылай сыйлаған. Сыр бойының дарынды ақыны, бұлбұл үнді әншісі Нартайға деген ыстық ықылас бұдан былайғы уақытта да ешқашан бәсеңсімек емес.

Қазақ өнерінің егжей-тегжейін талдаған профессор Ахмет Жұбанов “Замана бұлбұлы” деген кітабында: Қазақ әншілерінің ішінде тек әнді ғана кәсіп етпей, бірқатар көркем өнердің басын қосып, өз тұсында сегіз қырлы болған қайраткерлер аз емес еді. Міне, осы бір әнші-ақындардың қатарына қосылатын адамның бірі – Нартай”, – дейді.

Нартай Бекежанов 1890 жылы 26 наурызда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, осы күнгі Нартай Бекежанов атындағы ұжымшарда туылған. Ақынның бұрынғы шығарған өлеңдерінің көбі сақталмаған, ал сақталғандарының көпшілігі жинақталынбай ел аузында жүр. Деседе қолға түскен ақын туындылары 1950 жылы “Домбыра сазы”, 1956 жылы “Өлеңдері мен айтыстары” деген атпен жинақ болып басылып шықты.

Нартай 30-шы жылдардан бастап әншілік пен ақындықты жаңа биік асуға шығарды. Оның бір айрықша себебі осы

кезде қазақ кеңес көркем өнерінің профессионалдық сатыға көтеріле басталуына байланысты еді. Бұл бастама оның халық алдындағы бағасын барған сайын асыра түсті. Кеңес шындығын еңбекшілер арасында уағыздауда халық ақындарының, әншілерінің, күйшілерінің, жыршыларының үлкен рөл атқарған кезінде мұның өзі заңды да еді.

Нартай туындыларының ішінде ең көп тараған, композиторлық шығармашылығының мөлдірі – “Нартай әні” деп аталатын ән. Бұл әнді 1934 жылы Алматыда өткен бірінші қазақстандық слетте Жаппас Қаламбаев қобызға қосып, тұңғыш рет орындады. Ән көркем өнер қайраткерлерінің, музыка зерттеушілерінің назарын бірден аударды. Абайша айтқанда, бұл – “құлақтан кіріп, бойды алатын” ән. Музыка мамандарының тілімен айтқанда, “Кең құлашты, кербез, күнгей лирикалы, терең сырлы, жылы шырайлы шығарма”.

Нартайдың осындай кең тынысты, қарымы мол, бояуы қанық әндері Ұлы Отан соғысы жылдарында да еңбекшілер арасына кең таралып, өзінің тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырып жүрді. Мысалға айтайық: “Бейбітшілік”, “Қайран көкем”, “Толқын”, “Серпін”, т.б. Бұл әндердің сөзін де, әнін де шығарған Нартайдың өзі болатын. Бұлардың алдында да талай толғаулары, сырнай үніндей сызылған ғажап әндері болғаны анық. Өкінішке орай, олардың көбісі нотаға түсірілмеген, пленкаға жазылмаған. 1937 жылы Нартай Шиелінің аудандық мәдениет бригадасын басқарып, көптеген ұйымдастыру жұмыстарын істеді. Көп ұзамай ол ұлғайып, Нартай басқарған бригада облыстық ансамбльге айналды. Әншілер, жыршылар, бишілер, күйшілерден құралған ансамбльдің жүрегі Нартай болды. Ансамбль күн санап өсіп, халық алдында беделі арта бастады.

Бұл ұжым репертуар жағынан да бай болды. Қазақтың халық әндері, Кеңес композиторларының шығармалары, кішігірім драмалық пьесалар да қойылып жүрді. Халық оларды “Нартай ансамблі” деп атап кетті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында “Нартай ансамблінің” шығармашылық құлашы кең жайылды. Олар Шымкент, Жамбыл, Қызылорда облыстарын аралап, үлкен шығармашылық табыстармен концерттер беріп жүрді. Сондай-ақ іргелес жатқан Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан Түрікменстан республикаларына барып, концерттер беріп, тылда ерлік-еңбек жасап жатқан адамдардың рухтарын көтеріп жүрді. Сондықтан оларды еңбекші халық қайда барса да зор ықыласпен қарсы алып отырды. Ансамбльдің шығармашылық табысының үлкен болуының тағы бір себебі

– Нартайдың жан-жақтылығында еді. Ол патриоттық өлең-жырларды шығарумен қатар өзінің сол кездегі әсем-күшті даусының арқасында жүрекке жылы тиетін, сезімді оятатын әндерді орындап берді. Тіпті көбіне, өзінің орындағаны былай тұрсын, ансамблдің әншілерін гармонмен сүйемелдеп отырды. Ансамблдің әншілеріне, өнерпаздарына репертуардың бірқатарын өзі жасап бере отырып, жаңа шыққан әндер мен басқа да өнер жетістіктерін үйретуші, таратушы, насихаттаушы болды. Өзі концерт көңілді болу үшін керек жерінде конференсье рөлін де атқарды. Шындығында, Нартай тек ақын, әнші, композитор ғана емес, толық мағынасындағы өртіс те еді.

Нартайдың бұл өнері жайында Мұхамеджан Рүстемов өзінің “Сыр бұлбұлы” деген деректі очеркінде былай дейді:

“...Арада бір ай өтпей-ақ ауданға артистер бригадасымен Нарекен келді. Ана жылы Қажымұқанмен кездескенде Нарекеннен алған әсерім сол қаз қалпында. Содан бері менің де әнге құштарлығым артқан. Өзім мектеп көркемөнерпаздары үйірмесінің белсенді мүшесімін. Ол кісінің келгеніне мен де қуанып жүрмін. Алдымен, аудан орталығында майданға аттанып бара жатқан жастарға арнайы концерт болды. Концертті Нарекенмен көп жыл бірге істес болып, осы ансамблді құруға атсалысқан, майталман әнші-ақын Әлібек бастады. Ол кісі сахнаны Нартайдың өлеңімен ашты. Нартай өзінің әуезді әнімен жұрт бойына қайрат-жігер берді. Бір кезде концерт жүргізуші Күндебай тақпақтап ала жөнелді.

– Ән десең көмейі бүлкілдеп, бұлбұлдай сайраған, би десең тал шыбықтай мың бұралған, көркін күнге тенесең де тұрарлық, нұрға тенесең де сиярлық жас өртісіміз Фатима Төлегенова орталарына шығады – деді. Халық тына қалды. Фатима шығып, сүйемелдеушіге қосыла әсем дауысымен, ырғақты биімен “Қыздар-ай” әнін орындағанда тыңдаушыларын еліктіріп ала жөнелді. Ол күлдіргі әннің ішкі сырын жұртқа жеткізе білді. Тағы бір шыққанында Фатима Нарекеннің өзінің шығарған “Қайран әкем” әнін орындады. Баласынан әкесін, інісінен ағасын, қалыңдығынан аяулы жарын ажыратқан қатал соғыс... Талайды қайғыға душар етіп үлгерген неміс басқыншылары.... Осы сұрапыл кезде шыққан ән еді бұл.

Жүргендей еді бір соғып жүрегіміз,
Орындалмай кетті арман тілегіміз.
Ғашық болдық алты жыл қосыла алмай,
Айқаспады алты күн білегіміз.

Күйгенім-ай!

Қайда жүрсем аман бол сүйгенім-ай! —

деп, көптің жан дүниесін тебіrentті.

Ал, Нарекен шығады дегенде дүйім жұрт дүр ете қалды да ду қол шапалақтады. Нарекен сахна төріне шығып, шырқай жөнелгенде қолындағы қара сырнайы көрікше керіліп, кең даланы, отырған қауымды еріксіз билеп алды. Шырқай салған әні, тебіrentкен сөз шумағы түйдектеле шығып, елді еліктіріп делебесін қоздырды.

Әншілер Мырзабай, Әбужүсіп, Айзақан, күйші Жалдыбайды халық қайта-қайта шақырып, өнер көруден ешбір жалықпады. Осы келгенде Нарекендер ауданның алыс шаруашылықтарын да аралады. Ол кезде шаруашылықтарда машина жоқтың қасы. Әртістердің негізгі көлігі — өгіз арба, ат арба. Бір ауыл екіншісіне жеткізіп салады. Ел қадірлеген Нарекене жарамды аттарын тосады.

Әртістер Күндебайдың әзіл-оспағына, күлдіргі әңгімесіне — кенеліп, келесі ауылға жетеді. Күндекен арнайы оқу орнын бітірмей-ақ дайын комик, концерт бастаушы. Оның дауыс ырғағы қалай құбылуға келсе, мимикасы да сондай бай. Тілі шебер, күлдіргі әңгіме айтқанда бет-пішіні құбылып кетеді. Кейде арбадан түсе салып, біреудің жүрісін, не іс-әрекетін көрсеткенде айынытпайды. Аздап ақындығы да бар. Сондықтан да болар Нарекен ол кісіге әзілдеп:

Күндебай ақындардың есебінде,
Белгісіз созылары неше күнге.
Әруақ па, әурешілік, елерме ме,
Әйтеуір жата алмайды төсегінде, —

деп өлең шығарған.

Ол кезде ауылдарда клуб некен-саяқ. Көпшілігінде концерт не мектеп үйінде, не кеңсе алдына су себіліп дайындалған алаңда өткізіледі. Күндекеннің күлдіргі сөзіне көңілденіп, күлкіге кенелген халық Мырзабайдың асқақ әнін тыңдады. Мырзабай да Нарекен бригадасының көп жылдан бергі мүшесі. Ал Ауан елдің сүйіп тыңдайтын күйшісінің бірі еді. Ол сахнаға шыққанда қол соғып, сахнадан жібермеуге тырысатын.

Бірде мынадай оқиға болды. Нарекен концерт бағдарламасын жасағанда соңына елді еліктіріп кететін жастарын, өнерлілерін қалдыратын. Нарекеннің алдында сахнаға Ауан шықты. Ән-күйлер орындалды. Жұртты әбден еліктірді. Ол “Майра” әнін гармонға қосып шырқай жөнелді. Әннің бір шумағының соңында: “Еретін сонда маған жігіт қайда?” — дегенде, бір жігіт: “Мен бар”, — деп орнынан

атып тұрды. Бұл ел азаматтарының Ауан өнеріне тәнті болуының айғағы еді.

Нарекен ансамблінің қай мүшесін алсаң да олар шоқтығы биік, өз алдарына бір-бір төбе еді. Өз өрісі, өз ерекшелігі, өз шеберліктері бар өнер өрендері болатын. Ол кездегі филармония әртістері театр кең сахнасынан аз көрінеді. Олардың сахнасы – ай астындағы алаң, ауыл клубтарының шағын төрі. Бірақ, елдің талғам-талабы – нәрлі, сәнді, шырдауы жеткен өнерді көру. Нарекеннің әртістері сол талапты қанағаттандыруға барлық күш-жігерлерін, мүмкіншіліктерін аямай жұмсайтын еді.

Өнерпаздардың жолы өмір елегінде ғой. Оның қиындығы мен қаталдығына шыдай алмағандар сол елек көзінен өте алмай, өмірдің басқа жерінен орын тауып жатады. Ал оған шын берілгендер оның ауырлығына да, қиындығына да, қатаң сынына да шыдас беріп, халықты рухани жағынан азықтандырып жүреді.

Жол азабын көріп, аптап ыстықта да, ызғарлы суықта да, сорғалаған жауында да мойымайтын сахна шеберлерінің бір асыл қасиеті бар еді, ол – Нарекен қалаған татулық, бірлік. Бұл орайда Нарекен көленкесі мол, мәуелі дарак іспеттес еді. Оның көленкесі жұрттың бәріне бірдей түсетін, мәуесі де ортақ болатын. Олар отырған жер шат-шадыман күлкі, думан еді. Шіркін, өнер өрендері!”

Нартайдың тағы бір қарапайымдылығы ол өз ансамблінде басшы, ұйымдастырушы бола отыра мүшелеріне өзінің шығармаларын көп айттыра бермейді. Әрине, бұл тәрбие жағынан аса үлкен мәнді мәселе.

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейін де Нартай өзінің жоғарғыда баяндалғанындай, жан-жақты қайраткерлік істерін жүргізе берді. Бейбіт өмірге арналған өлеңдер, әндер шығарды. Бұрынғы ансамблімен ел аралап, бейбітшілік үшін күрес ұранын уағыздады. Ол бейбітшілік жағдайына қарай ансамблдің репертуарын қайта құрды. Ақындық, әншілік тәжірибесі молайған қайраткердің халық алдындағы беделі әбден бекіп, құрметке бөленді. Өзінің бойына біткен өнері арқылы Нартай бейбітшілік туын жоғары көтерді. Үнемі ізденумен, күнбе-күнгі саясаттың дамуын зерттеумен болды. Осының бәрі де Нартайдың өзінің және оның басқарған ансамблінің жаңалықтың жаршысы болуына үлкен жағдай жасады.

Нартайдың әншілік, әртістік, ұйымдастырушылық қабілетін айта отырып, оның негізгі өнері ақындық екенін ұмытуға болмайды. Нартайдың үлкен жиындағы бір орындауын естіп, оның өлеңіне де, әніне де, орындаушылық шеберлігіне де риза болған Сәбит Мұқанов:

Жұлделі жүйрік Нарекен,
Сүйсінгендей бар екен, —

деп бекер айтпаған. Жамбыл тойына келген ақындардың ішінде Нартайды көріп, оған өзінің қатты риза болғандығын білдіреді. Поэзияны да, музыканы да жаны жете түсінетін қарт Нартайға қарап тұрып:

О, Нартай, шешен таңдай, қасқа маңдай,
Сөзің тәтті, дәмді екен шекер-балдай.
Жүректі сілкіндіріп бір ояттың,
Сарғайып күн шығыстан атқан таңдай —

деп сипаттайды.

Асқар Тоқмағанбетов — Нартаймен талай қызық күндерін, думан кештерін бірге өткізген замандасы, қаламдасы. Нарекенге арнаған өлеңдерінде оның сом тұлғасын, ақындық, өншілік дарынын шебер суреттей келіп:

Әнші едің, ақын едің, жалын едің,
Алаулап жанды отынғып жанып едің,
Ақ уыз махаббаттың балын беріп,
Таңдайға тастай қатып қалып едің,
Бұрқанған таудан аққан бұлақ едің,
Құлдырап құлаққа ән боп құлап едің —

деп, оның өнерінің күдіретті күшіне дән ризашылығын білдіріп, паш етеді.

Өзінің ақындық өнеріне халықтан жоғары баға алған, белгілі өнер саңылақтарының қатарына көтерілген Нартай 1934 және 1954 жылдары өткен Қазақстан жазушыларының съездерінде делегат болды және осы жылдары Алматыда өткізілген республикалық слеттерге, олимпиадаларға, фестивалдерге түгел қатысып, өнер сайысына түсіп отырды. 1936 жылы Москвада өткен Қазақстан өнер шеберлерінің онкүндігіне делегат болып барды. Сол жолы ұстазы Жамбылмен бірге мавзолейге кіріп, көсемнің келбет-бейнесін көрді. Нартай ол туралы көңіліне алған әсерін “Қызыл Москва” — деген толғауында:

Елжіреп, еріп кетті адам іші
(Ұйқыда секілденген жатқан түсі)
Халқы үшін қиындыққа басын берген,
Дүниеге бірақ келер мұндай кісі —

деп сипаттайды. 1939 жылы Москвада болған ауыл шаруашылығы көрмесінің концертінде де үздік өнер көрсетті. Москва тыңдаушылары Нартайдың ақындығымен қатар орындаушылық дарынын қатты бағалап, “Правда” газеті ол

туралы сол кезде былай деп жазды: “... Бекежанов Нартайдың орындау шеберлігі – асқан талант иелеріне тән өнер. Оның құлаққа жағымды барқыттай баритон даусы сырнайдың сыңғырлаған үніне қосылып, нағыз артистік шеберлікпен орындаған жыр мазмұнын қазақ тілін білмеушілердің өзіне де өте түсінікті етіп шығарды. Ғажайып талант иесі деп осыны айтамыз”.

Нартайдың көркем өнер саласындағы еңбектері жоғары бағаланып, оған 1939 жылы “Қазақ өнеріне еңбегі сінген қайраткер” деген құрметті атақ берілді. Сол жылы Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының 13 қыркүйектегі бұйрығы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен наградталды. 1949 жылы өнерпаз Нарекен жасы алпысқа келіп тұрғанының өзінде де Москвада өткізілген Қазақ кеңес әдебиетінің онкүндігіне қатысып, өзінің тамаша орындаушылық шеберлігінің нәтижесінде жоғары бағаға ие болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында халқына жігер, қуат берген жалынды жырлары, асқақ әуенді әндері үшін бірнеше рет медалдермен наградталды. Ал республиканың 25 жылдық тойында ақын омырауына “Құрмет белгісі” ордені тағылды.

Біз жоғарыда атап айтып кеттік, әдебиетіміздің алтын қорына Нарекеннің қосқан үлесі туралы 1950 жылы “Домбыра сазы”, 1956 жылы “Өлеңдер мен айтыстары” атты жинақтары шықты деп. Мінеки, осы еңбектерінің кейінгісінің баспадан шыққанының өзіне 20 жылдан асып кетті. Қазіргі кезде Нарекеннің бұл жинақтарын, Қазақстанның басқа облыстарын қойғанда, ақынның туып-өскен жері Қызылорда облысынан тауып оқудың өзі өте қиынға айналды. Бірен-сараңын тек аудан орталығындағы кітапханалардан ғана көріп қаламыз. Онда да әбден тозған, пайдаланудан қалуға айналған жеке даналары ғана қолымызға түседі.

Ал, енді Нарекеннің осы әдеби мұраларына көз жүгіртсеңіз, халқына берген сан қырлы өнерінің оннан бірі ғана жинақталған деуге болады. Тағы бір қынжылтарлық жағдай – осындай бүкіл Қазақстанға белгілі өнер санлағының әдеби шығармасын Қазақстан көркем өнер баспасының кезінде 5 мың дана ғана етіп шығаруы. Осы аталған жағдайларды ескере отырып, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары толық зерттеліп, жақын уақыттың ішінде өлеңдері мен айтыстарының жинағы толықтырылып шығарылып, бұл жайлы ғылыми еңбектер жарияланса, қазақ әдебиетінің көнекөз дүлдүлдерінің біріне деген үлкен құрмет болар еді.

Нарекеннің шыққан тегін оқырман қауымға білдіру үшін оның ағасы Мәнсүр атамыздың Дәмен қызбен айтысындағы бір шумақ өлеңін келтірейік:

Болады асылым – Арғын шұбыртпалы,
Шиелі мекен-жайын, Сыр жұтпалы.
Жасымда дәл жиырма бес барған едім,
Бай елге, құмда жатқан Құдықтағы.

Нарекен Бекежанов болып жазылады. Осы фамилиясымен әдебиет, өнер төрінен орын алды, дүйім елге атағы жайылды. Бекежан – оның түп бабасы. Әкейдің өз айтуынша Нарекеннің анасы Бақтыгүл әжеміз әнші, тілге шешен, суырып салма ақындығы да бар, парасатты адам болыпты. Ол кісі жас кезінде Бұдабай ақынға екі-үш кездесіп, сөзден тоқтатып кеткен екен дейді. Соның бірі былай болған көрінеді.

... Бұдабай ақын Бақтыгүл әжемнің ауылының тұсынан өтіп бара жатса, әжеміз, бойжеткен кезі, көлден су тасып жүр екен, сонда Бұдабай ақын жеңбекші болыпты.

Камысы мына көлдің буын-буын,
Ойпырмай, мына қыздың тіптен қуын.
Қолында екі шелек, бір тостаған,
Қоймалың осы көлдің сен-ақ суын, – депті.

Сонда қыз кідірмей:

Болғанда бұқа бұға, тентек дұға,
Семіреп қайғысыз жан қара суға.
Шешеннің күбілегі айраны емес,
Қойған ба итаршы қып сені суға, –

деп аузын аштырмай қойыпты.

Бала жасынан бастап өн әлділеп өсірген Нарекен есейе келе ана аузынан шыққан әнді қағып алып айтуға өте зерек болған. Оның үстіне туған ағасы Мәнсүр кезінде өлең сөзден қатарына дес бермеген кісі екен. Мәнсүрдің атағы, ақындық өнері бүкіл Сыр бойына түгел таныс. Ол кісі арапша оқыған, қисса, дастандарды көп білген. Сыр бойының ақындары – Бұдабай, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Тұрмағанбет, Шораяқтың Омары шығарған өлең, жырларды да жатқа айтып, ел арасына таратқан. Мәнсүрдің Дәмен қызбен айтысынан басқа, Сыр бойының атакты кісілерінің бірі Иман Жүсіпке жазған арнау өлеңі, Кете Жүсіп, Қанаты Жүсіп айтысына қатысып, өлеңімен төрелік сөз айтқаны, сол сияқты “Өмір туралы жыр” деген өлеңдері оқырман қауымға белгілі. Жез таңдай ақын Мәнсүр 1933 жылы Озбекстанның Наманган қаласында дүние салды. (Қазақ Совет Энциклопедиясы, том 7. 447 бет.) Нарекен өзінің бір толғауында ағасы Мәнсүрге былай деп баға берген болатын:

... Ақын деген ат таптым,
Әуелі марта ұядан,

Осыны көріп ұшқанда
Ағам Мәнсүр үлгісін,
Кем екен деп айта алмас,
Досы түгілі дұшпан да.
Айтатын ақын жұртта көп,
Батпан сөзі тең емес,
Таратсам егер мысқылға,
Артық айтсам халық білер,
Сыналмай жүрген іс бар ма?
Ақын Мәнсүр кенесін,
Неше бір топта сынатқан
Жұрт жақсысы қазақтың,
Айтылса сөзін ұнатқан.

Міне, осындай сөзге шешен туыстың, әнші абзал анасының қанаттарының астында өскен Нарекеннің ақындық таланты ерте оялды. “Нартайдың ішінде жалыны лаулаған шоқ бар екені бала кезінен көрініп тұрушы еді, – дейді өзімен тетелес Сыздық деген ағасы, – Әлі есімнен кетпейді: Нартай екі жасқа келгенде әкеміз қайтыс болды да тұрмыс барған сайын құлдырап төмендей берді. Екеуіміз жергілікті ауыл байларының қойын бағамыз. Бізге тиетіні – ағаларымыздың қырық жамау шоқпыт шапандары, шонқиған етіктері, ол да жартымды емес. Шілдеде анызаққа күйіп, ерніміз тілінсе, күздің қара суығы сүйегімізден өтеді.

Жаздың басы болатын. Ауылдың жанында Тәшім арығының бойында қой бағып жүрген едік. Сырдан Қаратауға үдерген көш біздің ауылдың қасынан өтетін. Шағын көш өтті. Көш алдында ер-тұрманы жалт-жұлт еткен, үкілі тақиясы желкілдеп, бір паң қыз келеді. Аузымыз ашылып қалыпты. Қыз сыртымызға жақындағанда торының басын тежеп, әлде ақындығын көрсетейін деді ме, жоқ тәліпшітігі ме, не торы мен шәйінің буы ма, салған жерден әндетіп қоя берді:

Ендеше айда-сайда, айда-сайда,
Мал жатар айдап салсаң терең сайда,
Талтайған қой шетінде жаман қойшы,
Қойларың ат үркітер, арман айда, –

дегені.

Менде үн жоқ. Ойламаған жерден үлде мен бұлдеге оранған тәкаппар қыз өлең айтқан соң дегбірім қашты. Анда-санда Нартаймен сөз жарыстырып, үйқас қуалап айтысып қалатынмын. Мына қыздың өлеңінен бұл өнерім ізім-қайым ғайып болды. Қыз бұрыла бергенде Нартайға қарасам, екі көзі жайнап, еліріп тұр екен. Көп кідірмеді. Балғын даусы шарықтап шырқай жөнелді.

Мінгенім дүйім менің қара ала ма?
Толықсып қыз бой жетпей тарала ма?
Жумаған беті-жүзін жүзі қара,
Қойымды қыдыр көрген аралама.

Қыз да атының басын бұрып:

Нарымды ерте-ертемен идірейін,
Ішінді қырын қарап күйдірейін.
Қоймасаң бұл қылықты жаман қойшы,
Аузыңа жеңешемді сидірейін.

Нартай одан сайын еліріп кетті.

Жеңешең шебер болса, шекпен тіксің,
Сідігі дәрі болса, әкең ішсің.
Өткен мен кеткендерге сигіш болса,
Шешеңе айт, май шығады күбі піссін.

Осы кезде көшіп келе жатқан адамдар да қаумалап қалды. Қыз тағы бір нәрсе дей берейін деп еді, қауға сақалды бір қария:

“Токтат, Ақынсыған тәлпіш, маған естіртейін дегенің осы ма еді?! Бұл дуалы қағынған арғын ауылы ғой. Жатқан жыланның құйрығын басып нең бар еді? Түс алдыма!” – деді айқайлап.

Қыз кете берді. Мәз болып біз қалдық. Кейін есіттік, бұл Жаппас молда дегеннің көші екен. Әлгі қыз молданың шолжақай еркесі Жұпаркүл екен....”

Қазақ өнерінің білгірі, профессор Ахмет Жұбановтың тұжырымдауынша Нартайдың әншілік, ақындық жолға бүтіндей бет бұруына себеп болған тағы бір жағдай – Ақмешітке (осы күнгі Қызылорда қаласы) Арқаның ардагер ақыны, әншісі Тайжанмен кездесуі. Революция алдында Сыр бойын аралаған Тайжан ақын Нартайдың ынта-қабілетін, өнер-өрісін байқап, оған өзінің әндерін үйретеді, ақыл-кеңес айтады. Өнер жолын іждағаттылықпен қуа берсе, ақын да, әнші де бола алатындығына толық сендіреді.

Тайжан Нартайдан 12 жас үлкен болған. Сондықтан да Нартай Тайжанды әрі аға тұтып, әрі ағып тұрған ақындығын үлгі тұтып, өмірінің ақырына дейін ұстазым деп өткен.

Ол Тайжан туралы былай дейді:

“...Он бес жастағы кезім. Ақмешітке Арқадан Тайжан келіпті деген хабарды естіп, Шиеліден осында келдім. Мен Тайжанға шаршы базардың ортасында кездестім. Құлашын

сермей сырнай тартып, шырқаған Тайжан маған ерекше әсер берді. Оның өнін тыңдаған шақта туған елдің әсем табиғатына шомылғандай сезімде болдым”.

Міне, осы кездесуден кейін Нартай Тайжанмен жақынырақ танысып, қасына еріп жүретін болса керек.

Бұл туралы Тайжан:

Аралап, Сыр бойында серуен еттім,
Ән шырқап, жырдан талай көш жөнелттім,
Арқадан Сыр еліне ескерткіш деп,
Әнімді мен Нартайға тастап кеттім, —

дейді.

Жоғарыда айтқан ақын мұрасына айғақ боларлық бұл секілді өлең жолдары ел арасында әлі де кездесері хақ.

Нартай өнер жолына шын түседі. Әр адам баласының бойында ананың ақ сүтімен келген өзіне тән қасиеттері бар. Ол ерте ме, кеш пе шықпай қалмайды. Сондай ақындық қасиет бала жігіт Нартайдың да көкірегін жарып, сыртқа шықты.

Қоймады бұл ақындық қашқанменен,
Он жеті айналдырып жастан бермен.
Тоқталып, қайнар бұлақ қарап жатпас,
Үстінен тау көтеріп басқанменен, —

деп, Нарекеннің өзі айтқандай, сылдырап аққан өнер бұлағы арнасы ашылып, тасқынды селге айналды. Иығында гармоны, қолында домбырасы Нартай қонып, түстенген жерін сән-салтанатқа, өн мен жырға бөледі. Сол кезде кең тараған “Құлыншақтың әні”, “Қара торғайдың әні” және Тайжаннан үйренген Арқаның небір сұлу әндері Нартайдың репертуарында кеңінен орын алып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, естіген жанды еріксіз еліктіретін болды.

Бір сүйсінерлігі, бұл әндерді жыртық, жұпыны үйлерде тапшылық тауқыметін тартып отырған езілген халық тыңдайды екен. Ақын өн шырқай жүріп, өз халқының мүшкіл халіне жан жүрегімен күйнеді. Елді сорған, сорлыны талаған би, болыстар мен шен-шекпенділерді сын садағымен түйрейді.

Бір күні Сыр бойының басымен алысқан бір болысы ақынға: “Сенің өлеңіңнен басқа дымның жоқ, сонда да саған жұрт үйіріле түседі, менде бәрі де бар, сонда да менен жұрт жиырыла түседі, осының мәнісін айтшы”, — дегенде, Нартай бөгелместен былай депті:

Жақсы көрсе жұрт мені,
Сайрап салған әнім ғой.

Әнімнің жайы қашаннан
Ағайынға мәлім ғой.
Ән деген әлсіз жүрекке
Қуат құяр дәрі ғой.
Жек көргізген сені елге
Жыланша жайған зәрің ғой.

Малға бай болғанмен ақыл мен парасатқа кенде бай мұны естігенде жөнді, жүйелі бір сөз таба алмай, аузына күм құйылыпты. Қазақ даласын бұлт бүркеп, дауыл шайқап тұрған сол заманда ол жығылғанға демеу болып, түңілген көңілге үміт отын жаққысы келетін. 1916 жылы шығарған “Бір қойшыға” деген өлеңінде:

Байғұс қойшы түнеріп,
Түңілді неге қабағың?
Бай қатыны сараң боп,
Тоймады ма тамағың?
Әлде тас пен шөгірден,
Тілінді ме табаның,
Қарыса бер қажымай.
Сенің де туар заманың.
Тартарсың сонда мырзама,
Өзінің тартқан “табағын”, —

деп жырлады.

Көркемдік жағынан да, идеялық мазмұны жағынан да көп биік жатқан мұндай өлеңді революциядан бұрын кез келген ақын айта алған жоқ.

Нартай Қазан таңын езілген халық үшін бостандық таңы атты деп қабыл алды.

Сондықтан Нартайдың революциядан кейінгі шығарған жырлары мен өлеңдерінің негізгі арқауы осы болды. Қазан төңкерісінің жеңісіне қатты қуанған Нартай “О, сүйінші” деген өлеңінде:

О, сүйінші, сүйінші,
Патша тақтан түсіпті.
Қан сорған қара жалмауыз
Қанды запыран құсыпты.
Халықты бүрген қара құс,
Жұдырық үзіп желкесін,
Көтере алмай еңсесін,
Домалап доптай ұшыпты, —

деп революция жеңісін жырлады. Шынында, Нартай өнерінің шарықтау биікке көтерілген кезі революция жеңісінен кейін ғана.

Көзі, көңілі сезген оқиғаларды, жыл-кезеңдерді, сол сияқты халықтың жаңа тұрмыс орнату жолындағы қажырлы еңбегін әніне арқау, жырына өзек етті. Нартайдың әндері мен жырларында еліміздің өсу, өркендеу кезеңдерінің ізі жатыр.

Ақын шығармашылығының негізгі тақырыбы – Отан, халық, Сыр бойының ерен еңбегімен танылған майталман малшылары, дара шыққан дикандар, еңбекке еңжар қарайтын жатып ішер жалқаулар.

Мақтааралдықтар мақтаны таудай үйіп, Сырдариялықтар Сыр суына бұғалық салса, Тереңөзектіктер дала өңірін малға толтырып, Шиеліліктер ақ күріштен тау тұрғызса – соның бәріне ақын қуанады, шабыттана түседі, жырдан нәсер төгеді.

Атағы шыққан ақын да, әнші де дүбір шықса тыпырлап тұра алмайды, атойға қосылмаса шиыршық атады. Бұл ретте ақын тұлпар мінезді немесе көктен құйылатын сұңқар мінезді. Сондай адуын асқақ мінез Нарекеннің жырларынан да байқалады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ақын қолына мылтық ұстаған жоқ. Бірақ ол ән мен жырды қару етіп, жауға қаһарлы сөзден оқ боратты, халықты қасарысқан дұшпанды жермен жексен етуге шақырды.

1943 жылы жазған бір өлеңінде:

Астында ат, қолында гармонь, бабындамын,
Таситын төгілмейтін шағындамын.
Майданға бар әндерді салдым айдап,
Жеңісті жеделдету қамындамын.
Өшіксе алам деп жау мен де өшіктім,
Өшірем десе егесіп жалындадым.
Қыран құс тұғырынан түсер ме оңай?
Мұндағы жортуылдан жаңылмадым.
Біз – шалғы, шыңы жеткен дұшпан – көде
Көреміз көп ұзамай шабылғанын, –
деп шалқыса, екінші бір өлеңінде былай толғайды:

Бұл күнде әнім ашшы, жырым қатты.
Күйіне он оралды ол майдан жақты.
Күйініш, кек ызаға кеудем толы,
Жүректен жауға атамын лағынатты.
Сағындым бәріңді де өрендерім,
Белгісі соның мына өлеңдерім.
Келсендер жауды жеңіп, елге есен-сау
Тиер еді сонда көкке төбем менің.

Бұл өлеңдерден Нартай сияқты топ жарған әнші, тапқыр ақынның үлкен, мейірімі мол, мархабаты көл-көсір жүрегінің дүрсілі сезіледі, майдан алаңын шолған қолбасшының жүзіндей қатулы қабақ көз алдыға елестейді. Қар орнына оқ борап, тер орнына қан жосып, өлім мен өмір арпалысып жатқан жылдарда Нарекең жай ғана ел қыдырып, өлең айтқан жоқ. Ол қаралы отбасына жүрегінің жылуын төкті, қаусаған кемпір-шалға қуат-қайрат әкелді, жетім мен жесірге сүйеу болды. Енді Отан үшін еңбек етіп, майдандағы жауынгерлерге көмек ұйымдастыруға үн қосты. Мінеки, осыған орай мына өлеңін тыңдап көрейік:

Майданда жауды қиратып,
Жеңсін десең ерлерің,
Көргілерің келсе шын,
Ерлердің есен келгенін,
Тазарсын десең дұшпаннан
Қасиетті жерлерің,
Арылсын десең тозаңнан
Айдын шалқар көлдерің,
Аянбай бөрің еңбек ет,
Малды көбейт, егін ек.
Бауырындағы балаларың
Жыламасын десендер,
Нанды ешкімнен қол созып,
Сұрамасын десендер,
Бақыт атты бәйтерек
Құламасын десендер,
Жағасы елдің қисайып,
Сұламасын десендер,
Шығар күшті жалынды
Егін ек, көбейт малынды!

Қызылорда облысының қазіргі ел ағасы болған әрбір адамы осы өлеңді тамсана тыңдайды, көп қария иегі кемсендеп, көзіне жас алады. Жүздеген, мыңдаған әйелдер бел буып, білек сыбанып, жігер отын лаулатты. Бұл өлең соғыс жылдарында ұрандай естілді, парыздай орындалды, нақылдай жатталды.

Нартай ақын кезінде атағы Одаққа ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне әйгілі болған еліміздің атақты күрішшісі Ыбырай Жақаевтың ең жақын, ең сүйікті, ыстық ықыласты, үлкен жүректі достарының бірі еді. Бірі өннен, жырдан жүлде бермеген жүйрік болса, екіншісі – күріштен мол өнім жинауда алдына жан салмаған ардагер, еңбек өрені.

Нарекеннің сырнай үнінен аумайтын мақпалдай жұмсақ, он қайырып, жүз толғаса да үзілмейтін әсем әуені Ыбекеңнің үйінде әлі қалықтап тұрғандай. Ыбекеңді алғашқы жырлаған да осы Нарекен еді.

Сонау 1946 жылы “Қызылту” колхозында болған жиналыста Нарекен табан астынан суырып салып мынадай өлең айтқан:

Еңбекпен еге болған аққан суға,
Ойнақтап озып шыққан үлкен дуда.
Жап-жалпақ жауырыны қатқан мұздай,
Жақаев Ыбырай бар “Қызылтуда”,
Жан бар ма Жақаевтың сияғындай,
Саусағы мұзбалақтың қияғындай,
Жерлері ойнап шапқан ор боп қалат,
Кетпені тайбурылдың тұяғындай.

Бұл – нағыз ақынның, жүрегінен шығатын арнау, үлкен шеберліктен туған өрнекті өлеңнің үлгісі. Нартайдың ақындық шеберлігі бір өлеңінен ғана емес, бар өлеңінен табылады. Оның ойы әрқашан ашық та айқын, тілі маржандай, ұйқасы сапта тұрған солдаттай. Шабыты келгенде ақын шырқау биікті нысанаға алып, төгіп-төгіп жібереді. Күмбірлеп тұрған кеудеден кестелі сөз тасқындайды. Сонда ақын жаны рахат тауып, өмірге келген жаңа өлеңді ән қанатымен көкке ұшырады.

Әнші, ақынның Қажымұқанға шығарған өлеңінен де осыны көреміз. Мұнда Нарекен сәтті сурет, тың, тапқыр теңеулер, кесек сөз орамдары арқылы балуанның күдіретті бейнесін жасаған. Егер Қажымұқанмен белдесетін балуан оның өзін көрмей тұрып-ақ, мына өлеңді оқыса, күрестен бас тартуы да ықтимал. Ендеше, Нарекеннің өзі сөйлесін:

Күдіретті қара күштің қаһарманы,
Балуанның бәрін жыққан жаһандағы,
Тізесін белдескеннен бүккен емес,
Чемпион жер жүзіне атанғалы.
Білегі арыстанның білегіндей,
Жүрегі жолбарыстың жүрегіндей.
Шоң желке, кең жауырын, жазық маңдай,
Тұрпаты Түркістанның түбегіндей.
Сомдалған сом-сом еттер шойындай-ақ,
Тұлғасы тұтас пілдің мойнындай-ақ.
Саусағы тасты ұстаса талқан қылар
Шынжырды жіптей есер ойындай-ақ.

Иығы жонның жота асуындай,
Мен басқан пілдің манғаз басуындай,
Қайтпаған қартайса да қайсар күші
Ертістің қайнап аққан тасуындай.

Он жігіт жауырынына жайласаң да,
Елу пұт білегіне байласаң да,
Былқ етпей, бәрін жалғыз көтереді,
Үстінен пятитонна айдатсаң да.

Халықтың ақынды жақсы көруіндегі себеп ақынның тіл шешендігінде ғана емес, ақынның халыққа сүйкімді, сүйікті болуында, оның айтыста, ия басқа шығармаларда халық тұрмысының шындығын суреттеп, халықтың қуанышына да, қайғысына да шын көңілімен ортақтасуында. Ол – туған халқының адасса, жол көрсететін, сасса, ақыл айтатын кеңесшісі, ел басына күн туса, азаматтық арымен, жалынды жырымен айбат шегетін арыстаны. Сондай-ақ ол – жалынды күрескер, үгітші. Нарекен – өз парызын үнемі осылай түсінетін саңлақ. Оның қай өлеңі болмасын қызу еңбек кезінде, патриоттық өрлеу үстінде туған. Мұнан біз ақынның ыстық қанды азамат екенін көреміз.

Қазақта әншілік пен ақындықты қабат алып жүре білген адамдардың ішінде ең тұлғалысы, қадір сүйіп, құрметке бөленгені – Нарекен, Доскей, Шашубай. Олай дейтініміз, Нарекен – ең әуелі, әншілігімен танылған адам. Жақсы жыр, айшықты сөз орамын асқақ әнге терең мағына, күшті екпін беру үшін пайдаланған. Демек, оның әншілік, композиторлық өнері бәрінен де биік. Сол себептен Нарекеннің әншілік, композиторлық өнеріне, оның қазақ көркем өнеріне сіңірген еңбегіне айрықша тоқтаған жөн.

Нартай мектептен тиянақты білім алатын жағдай болмағандықтан, көбіне өз талабымен, өз бетімен хат таныған. Талаптылығы, қабілеттілігі арқасында иненің жасуындай ғана болған жарық сәулені үлкейтіп, кеңейтіп алған.

Әсіресе, Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде сауатын көтеруге біраз жағдай болды. Осының бәрі де Нартайдың ақындық жағын дамыта түсті. Ол әнмен қабат поэзиямен де шұғылданды. Қазақтың басқа ауызша айтатын ақындарынан Нартайдың айырмасы өзінің өлеңдерін қағазға түсіретін мүмкіншіліктері болды. Музыканы нотаға түсіретін музыкалық сауаты болмағанмен, әдеби жағынан тек суырып-салма, ауызша ақын емес, әрі жазбаша ақын қатарында еді. Айта кететін нәрсе, Нартайдың жазба өлеңдерінің көбі өзінің шығарған әнімен орындалады. Уақытына қарай

олардың бірқатары таза өн күйінде, енді біреулері термеге жақын, сөзді көбірек айтып үлгеру жағына қараған, ал кейбіреулерінде өн мен терменің қосындысы бар. Ал осынғын бәрінен де Нартайдың музыкалық “почеркі” айқын көрініп тұрады. Оны басқа ақындармен шатастыруға келмейді.

Нарекеннің айтыс өнеріндегі еңбегі өз алдына бір төбе. Ол айтысқан адамына әрқашан сұсты көрінетін, бет қаратпайтын.

Айтыс — халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартысының формалары да көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау болып бұтақталып кетеді, осы бұтақтардың барлығы халық тұрмысының шындығын бейнелейді.

Сондықтан әр заманның айтысы өзінің мазмұн тереңдігімен және идеялық көркемдігімен де ерекше. Халық шығармашылығы үкіметіміздің қамқорлығына алынды. Соның нәтижесінде халық ақындарының қатары өсіп нығайды. Айтыс туын жоғары көтерді. Жыл асқан сайын халық талантарының ақындық өнері шындалып, тіл шеберлігі өткірлене түсті. Айтыс — табысымызды жырлайды, кемшілігімізді сынайды. Жұртшылық сүйіп тындайтын айтыстың қай түрі болмасын және қай уақыттағысы болмасын, айтыскердің табан астынан суырыпсалып айтуына ерекше мән беріледі. Мінекей, сондықтан тек жазып алып айтусудан гөрі айтыс үстінде қолма-қол ойдан шығарып айту әдетіне көбірек мән беріліп келеді. Солай болуы да керек. Өйткені айтыстың жаны-импровизациялық шығарғыштық, онсыз айтыстың тынысы тар. Нағыз айтыс бетпе-бет келгенде ақындық шабыттан, алғыр ой, үшқыр қиялдан туады. Осы жөнінде күрделі, көркем, терең мазмұнды айтыс 1939 жылы Алматы қаласында Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде өтті. Бұл екеуінің өнер жарысына жырмен басшылық етуші, төрелік айтушы қарт ақын Жамбыл болды.

Айтысушы екі ақын қалың жұртшылық алдында жалынды көркем жыр тудырып жарысты. Еңбек жемісін айту ретінде екі облыстың еңбек жетістіктерін ортаға салды, шаруашылықта орын алып отырған олқылықтардың бетін ашып, екі облысты салыстыра, жарыстыра сөйледі.

Нартай — Қызылорда облысы, Сырдария өңірінен, Нұрлыбек — Семей облысы, шалқып аққан Ертіс өзенінің

бойынан шыққан ақындар. Бірі Сыр бойының мол байлығын мақтаса, екіншісі қойнауынан алтыны ақтарылған Алтайды мақтайды. Бұлар сонымен қатар социалистік дәуірде жаңарып көркейген табиғат көріністерін де, ел тірлігін де айтыстың кең, жарқын тақырыбы етіп алды.

Сол айтыстан кейін республикалық үлкен айтыс 1943 жылы партия мен өкімет басшыларының нұсқауы, көмегімен жазушылар ұйымы бастап, бүкіл Қазақстан көлемінде өткізілді. Оған Нартай да қатысқан болатын.

“... Басқа ақындар жазып алған қағазына жалтақ-жалтақ карап отырғанда Нарекең гармоньын құлаштай созып, өленді түйдек-түйдегімен ағытты” – деп, қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов мақтаныш сезіммен айтқан еді. Айтыстың соңғы жарысы Алматыда өтті. Онда Нартаймен бірге Шашубай, Кенен, Қалқа, Нұрлыбек тағы басқа көптеген кәрі-жас ақындар қатысты. Ақындардың ол айтысы тылдағы еңбеккерлердің Отан қорғауға қосып жатқан үлкен үлестерін халыққа уағыздауда елеулі рөл атқарды. Оның қортынды кешінде Нартай өзінің ансамбілінің орындаушыларымен осы жиынға қатысушыларға үлкен концерт беріп, жақсы өнер көрсетті. Ақын, әнші, әртіс, жақсы ұйымдастырушы бұл арада көптеген өзінің әріптестерінің алдында жан-жақты қайраткер екендігін байқатты. Сол айтыстың алдындағы салтанатты мәжілісті халық ақындарының атасы қарт Жамбыл өзінің арнаулы ескек жырымен ашты. Айтысқа жиналған ақындардың ішінде бірнеше буын атасы үш дәуірді басынан кешірген, ақ сақалды санлақтар бар еді. Жамбыл, алдымен, салмақты соларға салып, оларға былай деп толғады:

Нартай, Кенен, Нұрлыбек,
Өлең-жырды дүрілдет,
Жарқылдатып жасындай
Сөздеріңнің күшінен
Жау жүрегі түршіксін,
Жырларыңды естіген
Дос құмардан бір шықсын, –

деп, қарт өзінің ұзақ арнауында жаңа айтыстың міндет-мұратын атап өтті. Ол айтысушы ақындардан совет халқының күшіне жауға атылатын оқ есепті көмек, өсиет, үгіт сөзді талап етті. Сол Жамбыл атамыз айтқанындай, айтысқа түскен ақындар өздерінің анық халық патриоттары екенін дәлелдеді. Бұл жолы Нартай Қызылорда облысының атынан Оңтүстік Қазақстан облысының ақыны Қазанғаппен айтысты. Айтыс мақсаты мен мазмұны негізінде бір ғана зор мүддеге

арналды. Ол – Ұлы Отан соғысына облыстардың көмегі туралы еді. Отан соғысы, майдан, тыл, ел, ер, ар, намыс, совет патриотизімі деген ұғымдарға кең толғаулық бағалар берілді. Сонымен қатар айтысушы ақындар қарсылас облыстарының шаруашылықтарында, қоғамдық өмірінде орын алып отырған олқылықтардың бетін ашып, бұл сияқты көріксіз көріністерді келешекте болғызбауға аянбай атсалысуға шақырды. Осыған орай Нарекеннің Қазанғапқа айтқан мына жауабын келтірейік:

Жармаспа, Қазанғабым, Әлібекке,
Деймісің мені мұнда келді текке.
Алайын тозаңынды қағып-қағып,
Шыға қой мықты болсаң жекпе-жекке.
Атама әуре болып Ленгірінді,
Ұқсайды іс бітірмес салпы етекке,
Жыл сайын өндіре алмай бар көмірін,
Ұялмай арқалап жүр елден өкпе.
Кезінде қызу майдан кері тартатын.
Шығын ғып сөзіңді оған өуре етпе.
Міндерің артылады терген сайын,
Барады жаным ашып көрген сайын,
Бұрқырап зығырданым қайнай түседі,
Төбеңе жай оғындай төнген сайын.
Айтпасаң өз басыңның амандығын
Кем емес тасбақадан шабандығын.
Жібектей ақ мақтанды жинап алмай,
Сойылым тигелі түр саған мығым.
Бос сөзді боратқанда алқынбайсың,
Жүйрік боп жалғыз шапсаң аңқылдайсың.
Қар басып, жаңбыр жаншып жатыр мақтаң,
Батыр-ау, неңе мәз боп балпылдайсың.

Айтыстың екінші бір жерінде бірі Қызылорданың күрішін мақтаса, екіншісі Оңтүстіктің мақтасын мақтап, оларды аялап өсірген еңбек ерлерін, ұйымшыл, өнімшіл елдердің мақтаулы мамандарын мақтан етеді. Бұны біз Нарекеннің Қазанғапқа айтқан мына жауабынан көреміз.

Мені де олқы деме байлыққа тым,
Көрсен сен күрішімді тақпассың мін.
Шетіне шалқып жатқан шыға алмайсың,
Пойыз бен заулатқанда бір күн, бір түн.
Тап биыл бес мың гектар артық ектік,
Көрсетіп күштіліктің кереметін.